

Әйелдің басына қайғы шақыратын 6 нәрсе



Ғұлама Ибн Кәсир: «Екі жанның арасында ерлі-зайыптылар арасындағы махаббат пен сүйіспеншіліктен асқан ұлы махаббат пен сүйіспеншілік жоқ» деген екен. Расымен де, бір-біріне киім, қорған, тыныштық, тыным болуы үшін жаратылып, Алла араларына мейірім мен махаббат салған ер мен әйел – бір-бірін толықтырушы. Артықшылықтарын әйелдерге: «Күйеулерің – Жаннаттарың», «Жарыңның разылығы – Алланың разылығы» деп, еркектерге: «Араларыңдағы жақсыларың – әйелдеріңе жақсы болғандарың», «Дүниедегі ең жақсы нығмет – салиқалы әйел» деп түсіндірген ислам, дұрыс отбасылық өмірді қалыптастыру жолын да көрсетіп қойған.

Алайда кейде ерлі-зайыптылардың өмірінде келіспеушіліктер мен түсініспеушіліктер болып тұрады әрі мұның ең негізгі себебтерінің бірі - әйелдің күйеуіне қырсығуы мен бағынбауы. Алла Тағала бұл туралы: «Ал сондай-ақ әйелдердің бағынбауынан қауіптенсеңдер, сонда оларды насихаттаңдар және төсектеріңде тастап қойыңдар. (Одан болмаса) оларды ұрыңдар. Ал егер олар сендерге бой ұсынса, онда оларға қарсы жол іздемеңдер» деген. («Ниса» сүресі, 34-аят).

Имам Ибн Қудамә: «Қырсықтық» (эн-нушуз) ұғымының мағынасы – бұл әйелдің Алла оған күйеуіне қатысты міндеттеген мәселелерінде күйеуінің тілін алмауы» дейді.

Әрбір мұсылман әйел өз мойнындағы күйеуінің хақыларын білуі және Ұлы Алла оны осымен міндеттегенін түсіне отырып, күйеуіне тиесіліні беруі міндетті: «Еркектер әйелдерді билеуші. Өйткені Алла бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар мал-мүліктерінен де пайдаландырады» («Ниса» сүресі, 34-аят).

Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) осы аятқа қатысты былай деді: «Яғни еркектер - әйелдердің билеушілері (әмірлері) әрі әйелдер оларға Алла бұйырған нәрселерде мойынсұнады.

Әйелдің күйеуіне бағынуы оның отбасына жақсы қарым-қатынас жасауын және мал-мүлкіне құнтты қарауын да қамтиды».

Өкінішке орай, мұсылман қыз-келіншектердің арасында әйелдің күйеуіне қатысты қырсықтығы – Исламдағы ауыр әрі үлкен күнәлардың қатарынан екенін білетіндер немесе ұғынатындар кемде-кем. Осы себептен имам әз-Зәһаби Исламдағы ауыр күнәларға арнаған өзінің танымал кітабында бұл күнәні ең алғашқы күнәлардың қатарына қосқан.

Алланың қалауымен, бұл мақалада «әйелдің қырсықтығының» астарында әйелдің күйеуін тыңдамауы, оған бағынбауы, оған зиян, жәбірлер көрсетуі, оның қисық мінезі т.с.с. жөнінде сөз болмақ.

Бірінші қырсықтық: Күйеуін ол тыйым салған нәрселерде тыңдамау, мысалы, оның рұқсатынсыз үйден шығу; ол тыйым салған жерлерге немесе ол тыйым салған адамдармен қарым-қатынас жасау.

Алла Тағала былай деді: «**Үйлерінде отырындар, әрі надандық дәурінде жасанатындай жасанбандар**» («Ахзаб» сүресі, 33-аят).

Хафиз Ибн Кәсир былай деді: «*Әйелдер өз үйлерінде (үй шаруасы, бала тәрбиесі секілді маңызды істерді атқарып) отырулары қажет және қажеттіліксіз сыртқа шықпаулары керек*». Міне, осы - бұл мәселедегі негіз болып табылады. Алайда әйелді үйден шығуға мәжбүр ететін немесе бұған күйеуінің рұқсаты талап етілмейтін, өйткені бұл оның ашуын туғызбайтын жағдайлар бұған жатпайды.

Имам Ибн Бәттал: «*...әйелдерге ата-ананы, туысқандарды зиярат ету секілді, тағы сондай қажетті болған халал нәрселер үшін үйден шығуларына рұқсат етілгеніне дәлел бар*» деген.

Алайда мұның рұқсат етілгендігі әйел адамның күйеуінен рұқсат сұрамауына және оны хабардар етпеуіне болады дегенге нұсқамайды. Әйел кісі өз үйінен күйеуінің рұқсатынсыз шықпауы керек екендігін білу керек. Айшаға (Алла оған разы болсын) жала жабылған кездегі оқиға жайлы айтылатын хадисте оның Алла Елшісінен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «*Әке-шешеме баруыма рұқсат бересіз бе?*», - деп сұрағаны айтылған. (Бұхари, Муслим).

Шынайы бағыну – бұл адамның өзіне ұнайтын нәрседе де, ұнамайтын нәрседе де бағынуы екенін білу керек. Себебі адам онсыз да сүйсініп орындайтын немесе онсыз да істейтін нәрседе бағыну шынайы бағынуға жатпайды. Осы сөздерге көрнекі мысал ретінде белгілі хадисті келтіруге болады: «*Туысқандық қатынасты (үзбей) ұстаушы - бұл (өзіне қандай қатынас жасалса,) тура солай қайыратын адам емес; оны шынымен (үзбей) ұстаушы – бұл (өзгелер) онымен туыстық байланысты үзсе де, оны жалғайтын адам*». (Бұхари).

Екінші қырсықтық: Еріне оның көрсетіп жүрген жақсылықтары үшін шүкірсіздік таныту

Ибн Аббастан (Алла оған разы болсын): «*Бірде Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Маған Тозақ көрсетілді де, оның көпшілік тұрғындары күпірлік (бұл сөз иман мәселелерімен байланысты емес) танытқан әйелдер болып шықты*», - деді. Одан: «*Олар Аллаға күпірлік еткен бе?*», - деп сұрады. Ол: «*Олар өздерінің күйеулеріне қатысты күпірлік көрсететін. Егер сен (сондай әйелдердің) қайсыбіреуіне ұзақ уақыт бойы жақсылық жасайтын болсаң, ал содан кейін ол сенен өзіне ұнамайтын бірдеме көрсе, міндетті түрде: «Мен сенен ешқашан еш жақсылық көрмедім!*», - дейді», - деп жауап берді». (Бұхари, Муслим).

Имам Ибн Хәжар әл-Хайтами «*Тозақ тұрғындарының көбісі – әйелдер...*» деген хадис жайлы былай деді: «*Мұның себебі - олар Аллаға, Оның Елшісіне (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) және*

өздерінің күйеулеріне аз мойынсұнады, сондай-ақ үйден шығарда жиі әрленіп-сәрленіп, адамдарды азғыруға салады». («Әз-Зәуажир»)

Ал келесі бір хадисте: «Өзінің күйеуіне тәуелді бола тұра, оған рахметін білдірмейтін әйелге Алла қарамайды» делінген. (Нәсаи). «Бірде Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деуі: «**Ақиқатында, насықтар – олар Тозақ тұрғындары!**» Одан: «Я, Алла Елшісі, ал олар кімдер?», - деп сұрады. Ол: «**Әйелдер**», - деп жауап берді. Одан: «Я, Алла Елшісі, біздің аналарымыз, ана-қарындастарымыз бен әйелдеріміз - әйел кісілер емес пе?», - деп сұрады. Ол: «**Әрине, алайда, сөз егер оларға берсең - рахмет айтпайтын, бастарына сынақ түссе - сабыр танытпайтын әйелдер туралы болуда!**», - деп жауап берді. (Ахмад, Хакім). Қалайша мұсылман әйелге Тозақ тұрғындарының қатарынан орын алмас үшін осы хадистерге ой жүгіртіп, осы жиіркенішті сипаттардан алшақтамасқа!?

Үшінші қырсықтық: Күйеуі шақырғанда бас тарту

Абу Хурайраның (Алла оған разы болсын) сөзінен Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «Егер еркек әйелін төсекке шақырса, ал әйелі келмесе, және ер кісі түнді сол бойы әйеліне ашуланып өткізсе, періштелер оны таңға дейін қарғап шығады!» Ал Муслимнің келтірген нұсқасында былай делінген: «**Және Көктегі (Алла) оның күйеуі оған разы болмайынша, оған ашуланатын болады.**» (Бұхари).

Тәлқ ибн Али (Алла оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Мен Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім: «**Егер ер адам өзінің қажетін қанағаттандыру үшін әйелін шақыратын болса, ол пештің алдында тұрған болса да жауап берсін**» (Тирмизи, Байһақи).

Яғни әйелі не нәрсемен айналысып жатқаны: ол ас әзірлеп жатыр ма, үй ішін тазалап жатыр ма, басқа да сол сияқты істермен айналысып жатыр ма – маңызды емес, ол өз шаруаларын тастап, бірден күйеуінің шақыруына жауап беруі керек.

Төртінші қырсықтық: Күйеуіне нашар қарым-қатынас жасау, оны қорлау және оған зәбір көрсету

Мәселе әйел кісі күйеуінің ашуын келтіретіндей және оған ауыр тиетіндей қылықтар көрсететін немесе сондай мәнерде сөйлейтін кездер туралы. Сондай-ақ күйеуінің туысқандарына қақысыз зәбір көрсету де жатады.

Алла Тағала былай деп айтты: «**Әй, мүміндер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың хәлал емес. Және бергендеріңнің бір бөлігін алып қалу үшін оларға бөгет жасамандар. Бірақ олар ашық арсыздық істесе - басқа**» («Ниса» сүресі, 19-аят).

Имам Ибн Жарир әт-Табари осы аятқа байланысты: «**Әй, мүміндер, сендерге махрдың (бір) бөлігін өздеріңде қалдыру үшін әйелдерге қатысты оларға ауыртпашылықтар артып, әдет-ғұрыпқа сай азық пен киім-кешек алуларына тыйым салу арқылы қиындықтар (кедергілер) тудыруларыңа болмайды. Бұған кірмейтін жағдай – олар зина түріндегі ашық арсыздық жасаса, немесе сендерге азаптар шектіріп, сендерге қатысты міндеттеріне қарсы келетін болса. Мұндай жағдайда, берген махрларыңның бір бөлігін алып қою үшін, оларға кедергілер келтіріп, қиындықтар жасауларыңа рұқсат етіледі**» деген. («Тафсир әт-Табари» 6/533).

Ибн Аббас «Әйелдің мойынсұнуына сондай-ақ күйеуінің жанұясына жақсы қарым-қатынас жасауы және оның мал-мүлкіне құнтты қарау да жатады» десе, Са'ид ибн Абдул-'Азиз былай баяндайтын: «Бірде Абу әд-Дарда (Алла оған разы болсын) аиы тілді әйелге: "Егер сен мылқау болғаныңда, бұл сен үшін жақсырақ болатын еді!", - деді» деген.

Бесінші қырсықтық: Күйеуінің жоқтығында оған опасыздық жасау

«Ал енді ізгі әйелдер - бой ұсынушылар, күйеулері жоқ кездерде Алланың қамқорлығының арқасында қорғауға бұйырылған нәрселерді (абыройын) қорғаушылар» («Ниса» сүресі, 34-аят).

Имам әс-Судди бұл аят туралы былай деді: «Олар күйеулері жоқ кездерінде олардың дүние-мүлкіне бас-көз болады және Алла бұйырғандай, ар-абыройын қорғайды». Муқатил былай деді: «Мұндай әйелдер күйеулері жоқта жыныстық мүшелерін сақтайды және олардың жоғында опасыздық етпейді».

Абдуллаһ ибн Сәлам (Алла оған разы болсын) былай баяндайтын: «Бірде Пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ең жақсы әйелдер туралы сұрақ қойылған болатын, әрі ол: «**Әйелдердің ең жақсысы – қараған кезінде сені қуанышқа бөлейтін, бұйырғаныңда саған бағынатын, сенің жоқтығыңда өзін және мал-мүлкіңді күтіп-қорғайтын әйел**», - деді». (Табарани).

Абдуллаһ ибн Амр мен Фәдалә ибн Убайд деген сахабалар (Алла оларға разы болсын) былай дейтін: «Үш нәрсе бақытсыздық (сор) болып табылады... Соның бірі – онымен бірге болған кезінде ашуыңды келтіретін, әрі жоқ кезінде саған опасыздық жасайтын нашар әйел». («Әз-Зухд» 457).

Алтыншы қырсықтық: Орынды себепсіз ажырасуды талап ету

Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Қандай әйел орынды себепсіз күйеуінен талақ сұрамасын, ол үшін Жәннаттың иісі харам болады!» деген. (Ахмад).

Имам Ибн Қудама былай деді: «Бұл хадис қажетсіз талақ сұраудың (ажырасуды сұраудың) тыйым салынғандығына нұсқайды, өйткені бұда әйелдің өзі үшін де, күйеуі үшін де зиян бар, сондай-ақ бұл некені қажеттіліксіз пайдасынан құр қалдырады». Имам әш-Шәукани былай деді: «Бұл хадисте әйелдің күйеуінен талақ сұрауына қатаң түрде тыйым салынғанына нұсқау бар! Өйткені кім Жәннаттың иісін сезбесе, сол, демек, Оған кірмейді емес пе!?»

Келесі хадисте: «Орынсыз ажырасу мен айырылысуды талап ететін әйелдер екіжүзділер болып табылады» (Нәсаи) делінген.

Имам әл-Мунауи былай деді: «Мұндай әйелдердің екіжүзділікпен сипатталғандығының себебі – (әйелдерді) осындайды істеуден қорқыту және сақтандыру үшін. Әйел кісіге күйеумен қастасу, күйеуінің діни немесе дүниелік нашар сипаты мен мінез-құлқы себебінен оны жек көру, оның кейбір қақылдарын орындамау қауіпі сияқты себептер болмаса, одан хулғ сұрауы айыпталады».

Хулғ сөзі – шешу, сыпыру (киімді т.б) деген мағына береді. Шариғатта – күйеудің әйелге өтемақы ала отырып бостандық (ажырасу) беруі.

Осылайша, әйел кісі орынды себепсіз күйеуінен ажырасудың кез келген түрін: мейлі ол талақ, мейлі хулғ болсын - талап етуге құқықы жоқ. Алайда егер бұған орынды себеп болатын болса, онда бұда тыйым салынған еш нәрсе жоқ, бұл туралы Алла Тағала былай деп айтқанындай: «Бірақ екеуі де Алланың шегін орындай алмаудан қорықса және сендер де екеуінің Алланың шегін орындай алмауынан қауіптенсеңдер, онда әйелдің ерінен

ажырасуды сатып алуында екеуіне де күнә жоқ». («Бақара» сүресі 229-аят).

Сөз соңында ислам ғұламаларының мына бір сөзін келтіре кеткіміз

келеді: *«Егер салиқалы ер әйеліне сөгіс білдіре бастаса, ақылды әйел оның разылығына жету үшін және оған зиян болып жатқан нәрседен ашақтау үшін ынта-жігер танытуы керек. Себебі егер әйел өзінің күйеуіне зиян ете бастаса немесе оған ұнамайтын әрекет істей бастаса, бұл оның жүрегіне абыржу салады, әрі ыңғайлы сәті түскенде ол оны тастап кетуі немесе оны басқамен алмастыруы мүмкін». Алып қосырымыз жоқ. Аллаға, Ақыретке иман келтірген, бұл дүниенің өткініші әрі сынақ екенін жүрегіне бекіткен әйел бүгінгі жазбадан өзіне керекін алар. Алар да, амал жасар, салиқалы әйел атануға асығар...*